

АУКЦИОН MYCAR.KZ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Сатушылар мен аукцион қатысушылары үшін

mycar.kz/auction

Аукцион Mycar.kz — жүрілген автокөліктерді сату аукционы.

- Біз — «Аукцион Mycar.kz» платформасымыз, онда Ұйымдастырушы (дилерлік орталық) сауда-саттық өткізеді;
- Ұйымдастырушы — автокөлікті қабылдайтын, лотты қалыптастыратын және сауда-саттық өткізетін дилерлік орталық;
- Сатушы — автокөлікті аукцион арқылы сататын автокөлік иесі;
- Аукцион қатысушысы — бәс тігетін адам; ең жоғары бағаны ұсынған қатысушы жеңімпаз атанады және Сатушымен мәміле жасасуға құқық алады.

Тарифтер, жазылым ақысы, дербес деректер және шағымдар бойынша Аукцион Mycar.kz Пайдаланушы келісімінің шарттары қолданылады — бұл шарттар мұнда қайталанбайды.

Сатушыға арналған ережелер

- Автокөліктің VIN-кодында өзгеріс іздері болмауы керек және су тасқынынан немесе өрттен кейін қалпына келтірілмеуі керек; тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы болуы тиіс;
- дилерлік орталық лоттың құнын ұсынғанға дейін Сатушы автокөліктің банкте кепілде немесе өзге де ауыртпалықта тұрғанын хабарлауға міндетті;
- автокөліктің сапасына Сатушы жауап береді;
- сатушы Аукцион Mycar.kz платформасында автокөлікті лот ретінде орналастыру туралы оффертаға қол қояды;
- лоттың бастапқы бағасы дилерлік орталық менеджерімен келісім бойынша анықталады;
- Ұйымдастырушының мәміле үшін комиссиясы — автокөліктің сипаттамаларына байланысты 2,7%-дан 4%-ға дейін;
- лот бойынша сауда-саттық 2 сағатқа созылады; Сатушы бәс тігу барысын жеке кабинетінде және WhatsApp-та көреді;
- сауда-саттық нәтижесі бойынша ұсыныс жасалады;
- автокөлікті қарауға шақырылған жеңімпаз, егер лот қатысушының қаласында болса, шақыру сәтінен бастап 6 сағат ішінде, ал егер лот басқа қалада болса, 72 сағат ішінде келуі керек; егер мәмілені растамаса, құқық келесі ең жоғары бәс тіккен қатысушыға өтеді;
- мәміле келісілгеннен кейін VIN-код тексеріледі, кепілдер мен ауыртпалықтардың бар-жоғы анықталады, сондай-ақ автокөлікке техникалық диагностика жүргізіледі;
- егер автокөлік банкте кепілде болса, Ұйымдастырушының автокөлікті тікелей сатып алуына тыйым салынады — Сатушы мен сатып алушы кепілді өз бетінше өтеу және автокөлікті қайта ресімдеу үшін бір-бірімен тікелей байланысады;
- Сатушы мәміледен бас тартқан жағдайда, біз де, Ұйымдастырушы да мұндай бас тарту үшін жауапкершілік көтермейміз;

- автокөлік үшін төлем — Сатушының шотына.

Аукцион қатысушысына арналған ережелер

- тіркеу және жеке кабинетке кіру — Пайдаланушы келісіміне сәйкес;
- сауда-саттыққа қатысу алғашқы 10 лот үшін тегін, одан кейін пайдаланушы келісімінде белгіленген тарифтерге сәйкес: өтінім бәс тігу арқылы беріледі, кепілдік жарна талап етілмейді;
- бір автокөлік бойынша сауда-саттық 2 сағатқа созылады; ең жоғары бәс тіккен қатысушы жеңеді;
- жеңімпаз Сатушымен тікелей немесе Ұйымдастырушының қатысуымен мәміле жасайды — біз бұл мәміленің тарапы емеспіз;
- сатушы мәміледен бас тартқан жағдайда, біз де, ұйымдастырушы да мұндай бас тарту үшін жауапкершілік көтермейміз;
- тыйым салынады: Ұйымдастырушыны айналып өтіп, Сатушымен тікелей келісуге; Сатушыға, Ұйымдастырушыға және олардың қызметкерлеріне қатысты құрметсіз, қорлайтын немесе агрессивті әрекет етуге; аукционда жеңіске жеткеннен кейін сатып алудан негізсіз бас тартуға; автокөлікті сатып алу мерзімінің өткізілуіне жол беруге; бағаны демпингтеу үшін басқа қатысушылармен сөз байласуға; ағымдағы жеке кабинет бұғатталған кезде жаңа жеке кабинет ашуға;
- ереже бұзушылықтар үшін жеке кабинет бұғатталады: 1-ші бұзушылық — 1 аптаға, 6 ай ішіндегі 2-ші бұзушылық — 1 айға, 6 ай ішіндегі 3-ші бұзушылық — 3 айға, 6 ай ішіндегі 4-ші бұзушылық — жаңа жеке кабинет ашу мүмкіндігінсіз.

Жалпы ережелер

- біз платформаның жұмысын қамтамасыз етеміз, бірақ сатып алу-сату мәмілесінің тарапы емеспіз және оның шарттары мен автокөліктің сапасы үшін жауап бермейміз;
- мәміле мен өзара есеп айырысу Сатушы мен лот жеңімпазы арасында жүзеге асырылады;
- біз аукцион ережелерін өзгертуге құқылымыз — қолданыстағы нұсқасы әрқашан mycar.kz/auction сайтында қолжетімді.

Шағымдар

- Сатушы мен аукцион қатысушысы (сатып алушы) арасындағы сатып алу-сату мәмілесінің шарттарына қатысты шағымдар — автокөліктің сапасы, жиынтықтылығы, жағдайы, есеп айырысу мерзімдері мен тәртібі, қайтару — ҚР заңнамасымен реттеледі және мәміле тараптарымен өз бетінше шешіледі; біз және Ұйымдастырушы бұл мәміленің тарапы емеспіз және мұндай дауларды шешуге қатыспаймыз;
- Ұйымдастырушының лотты қалыптастыру, автокөлікті бағалау немесе сауда-саттық өткізу кезіндегі әрекеттеріне байланысты шағымдарды Ұйымдастырушы тікелей қарайды;
- Аукцион Mycar.kz платформасының жұмысы бойынша шағымдар (жеке кабинет, бәс тігулерді көрсету, техникалық ақаулар) бізбен Аукцион Mycar.kz Пайдаланушы келісіміне сәйкес қаралады;
- біз Сатушы мен Қатысушы арасындағы даулар бойынша төреші ретінде әрекет етпейміз және мәміленің орындалуына байланысты даулар бойынша шешім шығаруға міндетті емеспіз.

ПРАВИЛА АУКЦИОНА MYCAR.KZ

для Продавцов и Участников аукциона

mycar.kz/auction

Аукцион Mycar.kz — аукцион по продаже автомобилей с пробегом.

- Мы — платформа «Аукцион Mycar.kz», на которой Организатор (дилерский центр) проводит торги;
- Организатор — дилерский центр, который принимает автомобиль, формирует лот и проводит торги;
- Продавец — владелец автомобиля, который продаёт его через аукцион;
- Участник аукциона — тот, кто делает ставки; участник, предложивший наивысшую цену, становится победителем и получает право на сделку с Продавцом.

По вопросам тарифов, оплаты подписки, персональных данных и претензий действуют условия Пользовательского соглашения Аукцион Mycar.kz — здесь эти условия не дублируются.

Правила для Продавца

- VIN-код автомобиля не должен иметь следов изменений и не должен быть восстановлен после потопа или пожара; в наличии должен быть оригинал свидетельства о регистрации;
- до предложения дилерским центром стоимости лота Продавец обязан сообщить, находится ли автомобиль в залоге у банка или под иным обременением;
- за качество автомобиля отвечает Продавец;
- Продавец подписывает оферту на размещение автомобиля в качестве лота на Аукцион Mycar.kz;
- стартовая цена лота определяется по согласованию с менеджером дилерского центра;
- комиссия Организатора за сделку — от 2,7% до 4% в зависимости от характеристик автомобиля;
- торги по лоту идут 2 часа; ход ставок Продавец видит в личном кабинете и в WhatsApp;
- по итогам торгов формируется предложение;
- победитель, который приглашается на осмотр автомобиля должен прибыть в течение 6 часов с момента приглашения если лот находится в городе участника и в течении 72 часов если лот находится в другом городе; если не подтвердит сделку, право переходит к участнику со следующей по величине ставкой;
- после согласования сделки проводится проверка VIN-кода, проверяется наличие залогов и обременений, техническая диагностика автомобиля;
- если автомобиль в залоге у банка, прямой выкуп Организатором запрещён — Продавца и покупателя сводят для самостоятельного погашения залога и переоформления;
- при отказе Продавца от сделки ни мы, ни организатор за такой отказ ответственности не несем;
- оплата за автомобиль — на счёт Продавца.

Правила для Участника аукциона

- регистрация и доступ в личный кабинет — по Пользовательскому соглашению;
- участие в торгах бесплатное для первых 10 лотов, затем согласно тарификации в пользовательском соглашении: заявка подаётся ставкой, гарантийный взнос не требуется;
- торги по одному автомобилю идут 2 часа; побеждает участник с наивысшей ставкой;

- победитель заключает сделку с Продавцом напрямую либо при участии Организатора — мы не сторона этой сделки;
- при отказе продавца от сделки ни мы, ни организатор за такой отказ ответственности не несем;
- запрещено: договариваться с Продавцом напрямую в обход Организатора; вести себя неуважительно, оскорбительно или агрессивно по отношению к Продавцу, Организатору и их сотрудникам; необоснованно отказываться от покупки после победы; допускать просрочку выкупа; сговариваться с другими участниками для демпинга цены; создавать новый личный кабинет на время блокировки текущего;
- за нарушения личный кабинет блокируется: 1-е нарушение — на неделю, 2-е за полгода — на месяц, 3-е за полгода — на 3 месяца, 4-е за полгода — без возможности создать новый кабинет.

Общее

- мы обеспечиваем работу платформы, но не являемся стороной сделки купли-продажи и не отвечаем за её условия и за качество автомобиля;
- сделка и взаиморасчёты осуществляются между Продавцом и победителем в лоте, Организатор и Мы, в этом процессе не участвуем;
- мы вправе менять правила аукциона — актуальная версия всегда доступна на mysar.kz/auction.

Претензии

- претензии между Продавцом и Участником аукциона (покупателем) по условиям сделки купли-продажи — качество, комплектность, состояние автомобиля, сроки и порядок расчётов, возврат — регулируются законодательством РК и разрешаются сторонами сделки самостоятельно; мы и Организатор не являемся стороной этой сделки и не участвуем в разрешении таких споров;
- претензии, связанные с действиями Организатора при формировании лота, оценке автомобиля или проведении торгов, рассматриваются Организатором напрямую;
- претензии по работе платформы «Аукцион Мусар.kz» (личный кабинет, отображение ставок, технические сбои) рассматриваются нами в соответствии с Пользовательским соглашением Аукцион Мусар.kz;
- мы не выступаем арбитром между Продавцом и Участником и не обязаны выносить решение по спорам об исполнении сделки.